ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 19 маусым №7119-24-00-2/6976 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы Кангужиной А.
қатысуымен ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана-Энергия" акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Серік» Серік Жұмабай Елубайұлы жеке кәсіпкер
«НурГосСтрой» Шин Евгения Олеговна жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында (жеке кәсіпкер «Серік») 2024 жылғы 09 қантарда мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жалпы сомасы 1 267 910 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – шарт).

Шарттың № 2 қосымшасына сай жауапкер тауарды (электрондық кенелер) 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Сол себептен 06.06.2024 ж. шарт бузулды.

Тараптар арасында (жеке кәсіпкер «НурГосСтрой») 2024 жылғы 29 ақпанда мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы жалпы сомасы 519 405 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – шарт).

Шарттың № 2 қосымшасына сай жауапкер тауарды 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған.

Документ подписан: Нурғалиева Ж. Д., 24.06.2024
Дата вступления в законную силу: 26.07.2024, судья Нурғалиева Ж. Д., 01.08.2024

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер және талапкердін өкілі сот отырысында қатысқанжоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Нурғалиева Ж. Д., 24.06.2024
Дата вступления в законную силу: 26.07.2024, судья Нурғалиева Ж. Д., 01.08.2024
7119-24-3-1/6371

"Астана-Энергия" акционерлік қоғамының «Серік» ЖК, «НурГосСтрой» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«Серік» Серік Жұмабай Елубайұлы ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Серік» Серік Жұмабай Елубайұлы ЖК мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«НурГосСтрой» Шин Евгения Олеговна ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«НурГосСтрой» Шин Евгения Олеговна ЖК мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж. Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 24.06.2024

Дата вступления в законную силу: 26.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 01.08.2024

7119-24-3-1/6371